









ҚазҰАЗУ-де APOLLO е. V. (Германия) серіктестігінің студенттермен кездесуі өтті

2025 жылғы 26 наурызда Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде (ҚазҰАЗУ) APOLLO е. V. (Экология, ауыл шаруашылығы және ауылды дамыту саласындағы ынтымақтастық қауымдастығы, Германия) ұйымдастырған студенттермен кездесу өтті.

Бағдарлама аграрлық бағыттағы студенттерді қолдауға бағытталған. Кездесу барысында ҚазҰАЗУ-нің 13 студенті іріктеу конкурсын сәтті өтіп, Германияға тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болғаны хабарланды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – білім алушыларды халықаралық тағылымдама мүмкіндіктерімен таныстыру, оларға бөлінген фермалар жөнінде ақпарат беру, неміс тілін меңгеру деңгейін тексеру және олардың сұрақтарына жауап беру.

Осы мақсатта ҚазҰАЗУ-ге APOLLO е. V. өкілі Александра Ситенко келді. Ол студенттерді практика өтетін фермалармен таныстырып, маңызды ұйымдастырушылық мәселелерді талқылады.

Германиядағы тағылымдама толықтай тегін ұйымдастырылады: жол жүру, тұру, неміс тілін оқыту және визалық қолдау шығындарын APOLLO е. V. ұйымы өз мойнына алады.

ҚазҰАЗУ халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып, студенттерге кәсіби өсуге жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. APOLLO е. V. бағдарламасы студенттерге қазіргі заманғы аграрлық технологиялар мен ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді.